

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

БЖЗК салымшыларының (алушыларының) дербес деректерін жинау және өңдеу үшін келісімдері неліктен қажет?

Қазіргі кезде көптеген қызмет түрлерін алған кезде мемлекеттік және қаржылық құрылымдар пайдаланушының дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісімін сұрайды. Салымшы (алушы) enpf.kz сайтындағы немесе БЖЗК ұялы қосымшасында Жеке кабинетіне кірген кезде БЖЗК осындай келісім беру туралы неге бір рет сұраныс жасайтынын біліп жүрейік.

БЖЗК өз қызметін жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының, оның ішінде 2013 жылғы 21 мамырдағы N 94-V "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын сақтауға міндетті.

Заңға сәйкес меншік иесі және (немесе) оператор, сондай-ақ, үшінші тұлға дербес деректерді жинау мен өңдеуді уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен субъектінің немесе оның заңды өкілінің келісімімен ғана жүзеге асырады. Заңның 7-бабының 5-тармағында және 9-бабында (7-бабының 1-тармағы) көзделген жағдайлар бұған жатпайды. Атап айтсақ, егер ақпаратты жариялау Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген, дербес деректерді жинау және өңдеу әкімшілік құқық бұзушылық, атқарушылық іс жүргізу туралы істерді қозғап, қарайтын құқық қорғау органдарының, соттардың және өзге де уәкілетті мемлекеттік органдардың қызметін жүзеге асыру үшін қажет болса, сондай-ақ, мемлекеттік органдар дербес деректерді міндетті түрде иесіздендіру шартымен статистикалық мақсаттар үшін пайдаланған кезде, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарды іске асыру және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де жағдайлар.

Дербес деректер туралы заңның 1-бабына сәйкес "Дербес деректерді өңдеу" ұғымы дербес ақпаратты жинауға, сақтауға, өзгертуге, толықтыруға, пайдалануға бағытталған әрекеттерді білдіреді. Бұл әрекеттерді БЖЗК қолда бар дербес деректерді қорғау және құпиялылық қағидаттарына сәйкес жүзеге асырады.

Сонымен бірге жекелеген зейнетақы қызметтерін ұсыну БЖЗК ақпараттық жүйесінде сақталатын мәліметтер негізінде ғана жүзеге асырылып қоймай, мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелеріне жүгінуді, мемлекеттік органдар және (немесе) мемлекеттік заңды тұлғалар жататын үшінші тұлғалардың ақпараттық жүйелерімен (дерекқорларымен) ақпарат алмасуды талап етеді. Мысалы, өтініш білдірген адамның жеке басын куәландыратын құжаттың деректемелері осындай ақпарат алмасудың арқасында БЖЗК ақпараттық жүйесіндегі өзектілігін жоғалтқан емес. Мемлекеттік құрылымдармен өзара іс-қимылдың және ақпарат алмасудың арқасында БЖЗК зейнетақы қызметтерін көрсету кезінде өтініш білдірген адамнан құжаттардың көшірмелерін және (немесе) қосымша ақпараттарды талап етпейді. Әрине, ол үшін, қажетті деректер мемлекеттік органдардың және (немесе) мемлекеттік заңды тұлғалардың ақпараттық жүйелерінде болуы тиіс. Бір сөзбен айтқанда, БЖЗК Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін жедел және тиімді қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді, алаяқтық деректерінің орын алуына жол бермейді.

Сіздің деректеріңіз жеке немесе басқа заңды тұлғаларға берілмейтінін де ерекше атап өткіміз келеді.

БЖЗК 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗК міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).